Каудыров Т.Е.
з.ғ.д., профессор

Дәріс тезистері

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

2013 Ж.
АСТАНА

ДӘРІС 1

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ТҮСІНІГІ

•

# КОНТАКТЫ

- САЙТ КАФЕДРЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА КАЗГЮУ:

  **CIVILIAN.CLAN.SU**

- КАУДЫРОВ ТОЛЕШ ЕРДЕНОВИЧ

  **TOLESH68@GMAIL.COM**

# ИМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ (IP)?

ИМ (IP)

## Өнеркәсіптік меншік

- Өнертабыс
- Пайдалы модель
- Өнеркәсіптік үлгілер
- Селекциялық жетістіктер

**Дараландыру құралдары:**

- Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері
- Тауар шығарылатын жердің атауы
- Фирмалық атаулар
- заң актілерінде көзделген реттерде басқа да дараландыру құралдары

## Авторлық және сабақтас құқықтар

- әдеби және көркем туындылары
- ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар
- Сценарийлік туындылар
- Архитектуралық туындылар
- Фотосурет туындылары
- Туынды шығармалар (аудармалар, рефераттар мен шолулар) және заң актілерінде көзделген т.б.

# Интеллектуалдық меншік түсінігі және интеллектуалдық меншік құқығы

**Интеллектуалдық меншік құқығы** –интеллектуалдық қызмет нәтижесіне және оған теңестірілген дараландыру құралдарына (яғни **интеллектуа́лдық меншікке** (ағылшынша *Intellectual property*) тұлға немесе тұлғалар (авторлар немесе басқа да құқық иеленушілер) ие болатын құқықтардың жиынтығы.

# Интеллектуалдық меншік құқығы азаматтық құқықтың бір саласы ретінде

- Авторлық құқық
- Сабақтас құқық
- Патенттік құқық
- Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді дараландыру құралдарына құқық
- Интеллектуалдық меншіктің бейдәстүрлі объектілеріне құқық

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- **ИМ ОБЪЕКТІСІ ҚҰРЫЛҒАН КЕЗДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН (ТУЫНДЫЛАР, ОРЫНДАУЛАР)**
- **УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ТІРКЕУІН ТАЛАП ЕТЕТІН (ӨНЕРТАБЫСТАР, СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР, ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ)**
- **АРАЛАС ТӘСІЛМЕН ПАЙДА БОЛАТЫН (ИМС ТОПОЛОГИЯЛАРЫ)**

# ИМ объектілері

**Танылмайтын (мемлекетпен қорғалмайтын) ИМ объектілері**

**Айрықша құқық (мүліктік) және жеке мүліктік емес құқықтар тәртібі тарамайды**

Ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, басқа да әкімшілік және соттық тәртіптегі заңшығарушылық мәтіндері), сондай-ақ арнайы аудармалар; мем. символдар және таңбалар (ту, елтаңба, ақша таңбалары т.б.);

- халық шығармашылығы туындылары;
- ашылулар, ғылыми теориялар және математикалық әдістер;
- ақпараттық сипаттағы оқиғалар мен фактілерді хабарлау.

**Танылатын (мемлекетпен қорғалатын) ИМ объектілері**

**Жеке мүліктік емес және айрықша (мүліктік) құқықтар тәртібі**

**Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері**

**Айрықша (мүліктік) құқықтар тәртібі**

**Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді дараландыру құралдары**

**Жеке мүліктік емес құқықтар тәртібі**

- **Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері (айрықша құқықтар мерзімі аяқталып, қоғамның игілігіне айналғандар)**

# АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚҰРАМЫ

- **Мүліктік сипаты**
- **Аумақ бойынша әрекет етуі**
- **Уақытша сипаты**
- **Пайда болуының ерекше тәртібі**
- **Өзіне тән (спецификалық) қорғау құралдарының болуы**

# ИМ ҚҰҚЫҒЫ ИНСТИТУТТАРЫ

- Авторлық құқық
- Сабақтас құқық
- Патенттік құқық
- Дараландыру құралдарына құқық

# ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТАР

**ТЕК ҚАНА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТӘН БОЛАДЫ**

- **АУЫСПАЙДЫ, ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛМАЙДЫ**
- **МҰРАГЕРЛІК АРҚЫЛЫ АУЫСПАЙДЫ**
- **МЕРЗІМСІЗ ӘРЕКЕТ ЕТУ СИПАТЫНДА БОЛАДЫ**
- **МҰРАГЕРЛІКТІҢ ЕРЕКШЕ ТӘРТІБІ**

# Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтар
(ҚР АК 964 бабы)

- **интеллектуалдық меншік объектісін оның иесінің өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы**
- **айрықша құқық объектісін басқа тұлғалардың пайдалануына тек құқық иесінің келісімімен жол берілуі**.

# Интеллектуалдық меншік функциялары

**ИМ, БҰЛ:**

- **ҚҰҚЫҚТАР (материалдық емес объект):**

**а) айрықша сипатта болады (нақты тұлғаға тиесілі болады)**

**б) уақытпен шектелген**

**в) әрекет ету аумағы шектелген**

- **МҮЛІКТЕР (<u>материалдық емес активтер</u>):**

**а) бағалауға жатады**

**б) балансқа қойылады**

**в) амортизацияланады**

**г) мәміленің пәні бола алады**

**д) ЖШС, АҚ жарғылық капиталының салымы бола алады**

# Авторлық құқықтар мен сабақтас құқық объектілері

- **Туындылар (ауызша, жазбаша, музыка, балет, пантомима, сөйлеу, уағыздар)**

- **Орындаулар (әннің, бидің, музыканың орындаулары; фонограммалар, эфирлік және кабельдік хабарлар)**

# Патенттік құқық объектілері:

- **Өнертабыс (қоғам қызметінің кез келген саласындағы)**
- **Пайдалы модель**
- **Өнеркәсіптік үлгі**

# Селекциялық жетістіктер

- **Өсімдік шаруашылығындағы шығармашылық селекциялық жұмыс нәтижесі, өсімдіктің жаңа сорты**

- **Мал шаруашылығындағы шығармашылық қызметтің нәтижесі, жануардың жаңа тұқымы**

# Дараландыру құралдары

- **Фирмалық атаулар**
- **Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері**
- **Тауар шығарылатын жердің атауы**

# ФИРМАЛЫҚ АТАУ:

- бұл коммерциялық болып табылатын заңды тұлғаның атауы
- жеке дара тіркелмейді
- заңды тұлға тіркелген сәттен бастап оған тиесілі болады
- иеліктен шығарылмайды
- басқа тұлғаның пайдалануына беруге болады
- кәсіпорынның гудвилына кіреді
- тіркемей тұрып, фирмалық атауды тауар белгілерінің базасы бойынша тексеріп шыққан дұрыс

# Тауар белгісі

- **Әр түрлі өндірушілердің тауарлары мен қызметтерін ерекшелеу үшін қызмет ететін сөздік, бейнелік немесе басқа да белгілер**

  (сөздік, бейнелік немесе аралас; гудвилдің бөлігі, материалдық емес актив)

# Тауар шығарылатын жердің атауы

- **Айрықша қасиет ерекшелігімен немесе негізінен геграфиялық объектіге тән табиғи немесе өзге де факторлармен не табиғи жағдайлардың және сол факторлардың ұштасуымен айқындалатын тауарды белгілеу үшін пайдаланылатын жер атауы** (Сары-Ағаш минералды суы; Боржоми; Шампанское виносы; Дамасск болаты; Оренбург орамалы)